

Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 21 шілдедегі N 450 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 29.10.2015 № 372-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң пайшылар мен селолық тұтыну кооперативтері және олардың қауымдастықтары (одақтарын) арасындағы құқықтық жағдайды айқындайды және қоғамдық қатынастарды реттейді; селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтарын (одақтарын) құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін; пайшылар мен үшінші тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, құқықтары мен мүдделерін қорғаудың шарттарын; селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтары (одақтары) органдарының өкілеттігі мен жауапкершілігін анықтайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Селолық тұтыну кооперациясы туралы заңдар

Қазақстан Республикасының селолық тұтыну кооперациясы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Азаматтық кодекске негізделеді және осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

селолық тұтыну кооперативі - азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру арқылы материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын мүшелік негіздегі ерікті бірлестігі;

кооперативтік учаске - пайшылардың белгілі бір саны біріккен және аумақтық немесе селолық тұтыну кооперативінің жарғысы белгілейтін өзге де белгі бойынша құрылуы мүмкін учаске;

селолық тұтыну кооперативінің уәкілі - кооперативтік учаске пайшыларының жиналысында сайланған және мәселелерді селолық тұтыну кооперативі уәкілдерінің жалпы жиналысында шешуге өкілеттік берілген пайшы;

жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) - селолық тұтыну кооперативінің жоғары басқару органы;

селолық тұтыну кооперативтерінің қауымдастығы (одағы) - селолық тұтыну кооперативтерінің өздерінің жалпы мүліктік және өзге де құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, қызметін үйлестіру мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен халықаралық ұйымдарда өз мүдделерін білдіру, сондай-ақ өз мүшелеріне құқықтық, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету үшін селолық тұтыну кооперативтерінің жалпы жиналыстары шешімдерінің негізіндегі ерікті бірлестігі;

селолық тұтыну кооперациясының жүйесі - селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтары (одақтары);

пайшы - мүліктік (пайлық) жарна енгізген және жарғыда көзделген тәртіппен селолық тұтыну кооперативіне мүшелікке қабылданған азамат (заңды тұлға);

мүліктік (пайлық) жарна - селолық тұтыну кооперативінің пай қорына пайшының қосатын жарнасы;

пай қоры - селолық тұтыну кооперативін құру немесе оған кіру кезінде пайшылар қосатын мүліктік (пайлық) жарналардан тұратын және селолық тұтыну кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздерінің бірі болып табылатын қор;

резервтік қор - төтенше жағдайлардың салдарынан келтірілген залалдарды жабуға арналған қор, оны қалыптастыру мен пайдалану тәртібі селолық тұтыну кооперативінің немесе қауымдастығының (одағының) жарғысымен белгіленеді;

бөлінбейтін қор - селолық тұтыну кооперативінің таза табысының бір бөлігі есебінен құрылған қор, оны қалыптастыру мен пайдалану тәртібі селолық тұтыну кооперативі жарғысымен белгіленеді;

селолық тұтыну кооперативтері қауымдастығы (одағы) мүшелерінің өкілдері - осы селолық тұтыну кооперативі кіретін қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысының жұмысына қатысу үшін жалпы жиналыста селолық тұтыну кооперативтерінің атынан сайланған уәкілетті адамдар.

3-бап. Селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтарын (одақтарын) құрудың және олардың қызметінің негізгі принциптері

Селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтары (одақтары) мына принциптердің негізінде жұмыс істейді:

мүшелікке кіру мен одан шығудың еріктілігі;
мүліктік (пайлық) және мүшелік жарнаны төлеудің міндеттілігі;
басқарудың демократиялылығы;

өзара көмек және село халқының мүдделерін қорғау; кооператив, қауымдастық (одақ) қызметі туралы ақпаратты оның барлық мүшелерінің пайдалана алуы.

4-бап. Селолық тұтыну кооперативі

1. Мүшелік негізде мүшелерінің (пайшыларының) материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру жолымен жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі селолық тұтыну кооперативі деп танылады.

Заңды тұлға да селолық тұтыну кооперативіне мүше бола алады.

2. Селолық тұтыну кооперативтері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және кәсіпкерлік қызметпен өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей дәрежеде ғана айналыса алады.

3. Селолық тұтыну кооперативтері сауда, дайындау, өткізу, өңдеу, қызмет көрсету, жабдықтау қызметін және заңдарда тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру үшін мүліктік (пайлық) жарналар есебінен құрылады.

4. Селолық тұтыну кооперативтері өз мүшелерінің ғана емес, сонымен бірге селолық жерлерде тұратын басқа да азаматтардың материалдық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру үшін құрылуы мүмкін.

5. Егер құрылтай құжаттарында селолық тұтыну кооперативінің белгілі бір мерзімге немесе белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылатыны көзделмесе, ол белгісіз мерзімге құрылған болып есептеледі.

5-бап. Селолық тұтыну кооперативінің атауы

Селолық тұтыну кооперативінің атауы болады, онда кооперативтің атауы, сондай-ақ "селолық тұтыну кооперативі" деген сөздер болуға тиіс. Кооператив осындай атаумен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Кооператив атаудың қысқартылған нысанын да пайдалануға құқылы.

6-бап. Селолық тұтыну кооперативінің орналасқан жері мен мекенжайы

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Селолық тұтыну кооперативінің тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органының орналасқан жері оның орналасқан жері болып танылады.

2. Селолық тұтыну кооперативі орналасқан жерін ауыстырған кезде қажетті өзгерістерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу үшін селолық тұтыну кооперативінің нақты мекенжайы бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға бұл жөнінде хабарлауға міндетті.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Селолық тұтыну кооперативінің құқық қабілеті

1. Селолық тұтыну кооперативі заңды тұлға болып табылады және оның м ы н а л а р ғ а :

пайшылардың қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған қызметпен а й н а л ы с у ғ а ;

өзі құрылған мақсаттарға қол жеткізуге қызмет ететіндіктен, кәсіпкерлік қ ы з м е т п е н ш ұ ғ ы л д а н у ғ а ;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және кооперативтің жарғысында көзделген тәртіп бойынша өзінің филиалдары мен өкілдіктері б о л у ы н а ;

пайшылардан қосымша пайлар және басқа азаматтар мен заңды тұлғалардан з а е м д ы қ қ а р а ж а т т а р т у ғ а ;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;

тұтыну кооперативінің құқықтарын бұзатын мемлекеттік органдардың актілеріне, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілеріне, олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасауға;

заңды тұлғалардың селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті өзге де құқықтарын жүзеге асыруға өкілеттігі бар.

2. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жекелеген қызмет түрлерімен немесе әрекеттермен (операциялармен) селолық тұтыну кооперациясы рұқсаттың не хабарлама жіберудің негізінде ғана айналыса алады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Селолық тұтыну кооперативінің филиалдары мен өкілдіктері

1. Селолық тұтыну кооперативі өзінің орналасқан жерінен тыс жерде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдарын құруға және өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Кооператив өзін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға өз филиалдарын құрғаны және өкілдіктерін ашқаны туралы, сондай-ақ олардың орналасқан жері туралы хабарлауға міндетті.

3. Селолық тұтыну кооперативінің филиалдарын құру және өкілдіктерін ашу туралы шешімдерді, егер кооператив жарғысында осындай шешімдерді жалпы

жиналыс (уәкілдер жиналысы) қабылдайтыны көзделмесе, кооперативтің атқарушы органы қабылдайды.

9-бап. Мемлекет және селолық тұтыну кооперациясының жүйесі

1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының селолық тұтыну кооперативтерінің, олардың қауымдастықтарының (одақтарының) шаруашылық, қаржы және өзге де қызметіне араласуға құқығы жоқ. Селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтары (одақтары) өздерінің экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын дербес әзірлейді.

2. Селолық тұтыну кооперативтерінің, олардың қауымдастықтарының (одақтарының) құқықтарын бұзатын мемлекеттік органдардың актілері немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттері салдарынан селолық тұтыну кооперативтеріне, олардың қауымдастықтарына (одақтарына) келтірілген залалдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтеледі.

2-тарау. Селолық тұтыну кооперативін құру

10-бап. Селолық тұтыну кооперативін құру тәртібі

1. Селолық тұтыну кооперативін құру құрылтай жиналысын өткізуден басталып, селолық тұтыну кооперативін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеумен аяқталады.

2. Азаматтар селолық тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысын өткізуді және оның қарауына енгізілетін құжаттардың жобаларын әзірлеу жөнінде ынталы топтар құруы мүмкін.

3. Селолық тұтыну кооперативін бірнеше елді мекендердің азаматтары құратын жағдайларда және (немесе) өзге жағдайларда селолық тұтыну кооперативінің мүшелігіне кіруді қалаушылар сайлайтын уәкілдердің құрылтай жиналысы селолық тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысын әзірлеу мен өткізу жөніндегі ынталы топтар белгілеген тәртіп пен нормалар бойынша өткізілуі мүмкін.

11-бап. Селолық тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысы

1. Селолық тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысы мынадай мәселелерді шешеді:

1) селолық тұтыну кооперативін құру, оның фирмалық атауы және орналасқан жері туралы шешім қабылдайды;

2) пайшылардың арыздары негізінде олардың аты-жөні, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ заңды тұлғалардың орналасқан жері көрсетілген тізімін бекітеді;

3) кооператив қызметінің мәні мен мақсаттарын белгілейді;

4) мүліктік (пайлық) жарналардың құрамын, мөлшерін және оларды енгізу мерзімдерін белгілейді;

5) селолық тұтыну кооперативінің жарғысын бекітеді;

6) атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарды сайлайды;

7) селолық тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеуден өткізу мерзімін, тәртібін және оған жауапты адамдарды белгілейді;

8) селолық тұтыну кооперативін құруға байланысты өзге де мәселелерді шешеді.

2. Селолық тұтыну кооперативі құрылтай жиналысының шешімі хаттамамен ресімделеді. Құрылтай жиналысының хаттамасына құрылтай жиналысының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

12-бап. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысы

Селолық тұтыну кооперативінің жарғысында:
кооперативтің атауы мен орналасқан жері;
кооператив қызметінің мәні мен мақсаттары;

пайшылардың селолық тұтыну кооперативіне кіру тәртібі мен одан шығу тәртібі, оның ішінде кооператив мүлкіндегі өз үлесін бөліп алу тәртібі;

мүліктік (пайлық) жарналардың құрамы, мөлшері және оларды енгізу тәртібі,
мүліктік (пайлық) жарналарды енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін
ж а у а п к е р ш і л і к ;

селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылау және өзге де органдарын құру, сайлау (қайта сайлау) тәртібі, олардың шешім қабылдау тәртібі;

селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің кооперативке келтірілген
з а л а л д а р д ы ө т е у т ә р т і б і ;

селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру және оның қызметін
т о қ т а т у ж а ғ д а й л а р ы ;

филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер болуға тиіс.

Селолық тұтыну кооперативінің жарғысына аты-жөні, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетілген пайшылар тізімі
қ о с а т і р к е л е д і .

Селолық тұтыну кооперативінің жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

13-бап. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысын өзгерту тәртібі

1. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысын өзгерту жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) осы Заңмен белгіленген ережелерге сәйкес қабылданатын шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тиісті мемлекеттік орган заңда белгіленген тәртіппен тіркейді.

3. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда селолық тұтыну кооперативі мен оның мүшелері жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен олардың тіркелгені туралы селолық тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарланған кезден бастап не сот шешімінің негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне селолық тұтыну кооперативі жарғысының өзгергені туралы мәліметтер енгізілген кезден бастап селолық тұтыну кооперативі жарғысындағы өзгерістерге сілтеме жасауға құқылы. Алайда, үшінші тұлғалар аталған мән-жайлар болғанға және мерзімдер басталғанға дейін де бұл өзгерістерді ескере отырып, іс-әрекет жасауға құқылы.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Селолық тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеу

1. Селолық тұтыну кооперативі ол мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған болып есептеледі.

2. Селолық тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеуді әділет органдары Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. Селолық тұтыну кооперативіне мүшелік

15-бап. Селолық тұтыну кооперативіне мүшелік

1. 18 жасқа толған азаматтар мен заңды тұлғалар селолық тұтыну кооперативінің мүшелері (пайшылары) бола алады.

2. Азаматтар мен заңды тұлғалар бірнеше селолық тұтыну кооперативтерінің мүшесі болуы мүмкін.

16-бап. Селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің сан құрамы

1. Селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің (пайшыларының) саны екеуден кем болмауға тиіс.
2. Селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің ең көп санына шек қойылмайды.

17-бап. Селолық тұтыну кооперативіне жаңа мүшелердің кіру тәртібі

1. Селолық тұтыну кооперативіне осы Заңды және селолық тұтыну кооперативінің жарғысын сақтай отырып жүргізілген жаңа мүшелер қабылдау селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының шешімімен ресімделеді.
2. Селолық тұтыну кооперативіне мүше болғысы келетін азамат және (немесе) заңды тұлға кооперативтің атқарушы органына селолық тұтыну кооперативіне қабылдау туралы жазбаша түрде арыз береді. Арызда аты-жөні, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері немесе заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері көрсетілуге тиіс.
3. Селолық тұтыну кооперативіне қабылдау туралы арызды селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы 10 күн ішінде қарауға тиіс.

18-бап. Селолық тұтыну кооперативіне ол құрылғаннан кейін кооператив мүлкіндегі үлес құқығын алған үшінші тұлғаларды және мұрагерлерді қабылдау

1. Кооператив мүлкінде ол құрылғаннан кейін үлес құқығын алған үшінші тұлғалардың селолық тұтыну кооперативінің мүшелігіне бірінші кезекте қабылдануға құқығы бар.
2. Селолық тұтыну кооперативінің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлерінің селолық тұтыну кооперативінің мүшелігіне бірінші кезекте қабылдануға құқығы бар.

19-бап. Селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің құқықтары

Селолық тұтыну кооперативінің мүшелері:

- 1) селолық тұтыну кооперативіне ерікті негізде кіруге және одан шығуға;
- 2) селолық тұтыну кооперативінің қызметіне қатысуға, кооператив органдарын сайлауға және оларға сайлануға, селолық тұтыну кооперативінің қызметін жақсарту, оның органдарының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;
- 3) селолық тұтыну кооперативінің тауарларын /қызметтерін/ басқа азаматтар мен заңды тұлғалардың алдында артықшылықпен сатып алуға (алуға), өз

өндірісінің, өзіндік қосалқы шаруашылығының және кәсіпшілігінің бұйымдары мен өнімдерін селолық тұтыну кооперативінің кәсіпорындары арқылы шарттар негізінде өткізуді жүзеге асыруға;

4) селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) пайшылар үшін көзделген жеңілдіктерін пайдалануға;

5) селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылау және өзге де органдарынан олардың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленетін тәртіппен бухгалтерлік есеп, есеп беру деректерімен және басқа да құжаттамамен танысуға;

6) селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының заңсыз әрекеттеріне селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) шағым жасауға;

7) селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының өз мүдделерін қозғайтын шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға;

8) селолық тұтыну кооперативі таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе кооперативтің барлық мүшелерінің келісімі бойынша осы мүліктің өз пайына тең заттай түрдегі бір бөлігін алуға;

9) селолық тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесін бөлуге және кооперативтен шыққан жағдайда оның құнын немесе кооперативтің барлық мүшелерінің келісімі бойынша мүлікті өз пайына тең заттай түрде алуға құқылы.

Селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтары белгіленуі мүмкін.

20-бап. Селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің міндеттері

Селолық тұтыну кооперативінің мүшелері:

1) селолық тұтыну кооперативінің жарғысын сақтауға;

2) селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының), селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдерін орындауға;

3) селолық тұтыну кооперативі алдында оның қызметіне қатысу жөніндегі селолық тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген өз міндеттемелерін орындауға;

4) селолық тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген мөлшерде, тәртіппен мерзімде кооперативке мүліктік (пайлық) жарнасын төлеуге міндетті.

Селолық тұтыну кооперативінің мүшелері селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

21-бап. Селолық тұтыну кооперативіне мүшеліктің тоқтатылуы

1. Селолық тұтыну кооперативіне мүшелік:
п а й ш ы ө з е р к і м е н ш ы қ қ а н ;
п а й ш ы ш ы ғ а р ы л ғ а н ;
пайшы кооператив мүлкіндегі үлеске құқығынан айрылған;
пайшы болып табылатын азамат қайтыс болған;
кооператив таратылған жағдайларда тоқтатылады.

2. Селолық тұтыну кооперативіне мүшелік тоқтатылған барлық жағдайлар туралы кооперативтің атқарушы органы селолық тұтыну кооперативінің пайшыларына хабарлайды.

22-бап. Пайшының селолық тұтыну кооперативі мүшелігінен өз еркімен шығуы

1. Кооператив мүшелері өз еркімен шыққан жағдайда пайшының селолық тұтыну кооперативінің мүлкіндегі осы Заңда белгіленген тәртіппен енгізген пайына қарай өз үлесін бөліп алуға құқығы бар.

2. Пайшының селолық тұтыну кооперативінен өз еркімен шығу туралы арызын кооперативтің атқарушы органы 10 күн ішінде қарайды.

3. Пайшының кооператив мүшелігінен шығуы селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

23-бап. Пайшыны селолық тұтыну кооперативінің мүшелігінен шығару

1. Пайшы өзінің селолық тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамаған не кооперативке залал келтіретін қасақана әрекеттер жасаған жағдайда селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімімен селолық тұтыну кооперативі мүшелігінен шығарылуы мүмкін.

2. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы пайшыға оның селолық тұтыну кооперативінен шығарылуы туралы мәселені кооперативтің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) қою себептері туралы 10 күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға және оны өз пікірін айту құқығы берілуге тиісті аталған жалпы жиналысқа (уәкілдер жиналысына) шақыруға тиіс.

3. Пайшы селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) дәлелді себептерсіз қатыспаған жағдайда жиналыс пайшыны кооперативтен оның қатысуынсыз шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Селолық тұтыну кооперативінің мүшелігінен шығарылған пайшыға кооператив мүлкіндегі үлесі осы Заңда белгіленген тәртіппен енгізген пайына қарай бөліп беріледі.

5. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) пайшыны кооператив мүшелігінен шығару туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

24-бап. Пайшы кооператив мүлкіндегі үлеске құқығынан айрылған жағдайда селолық тұтыну кооперативіне мүшеліктің тоқтатылуы

1. Селолық тұтыну кооперативінің мүлкіндегі үлеске құқығынан айрылған пайшы өзінің кооперативтегі мүшелігін тоқтатады.

2. Пайшы үлесінен мынадай негіздерде:

с а т у ;
с ы й ғ а т а р т у ;
м ұ р а ғ а қ а л д ы р у ;
к е п і л ғ е с а л у ;
ө з ғ е т ү р д е и е л і к е т у ;

сот шешімі негіздерінде айрылады.

3. Селолық тұтыну кооперативінің мүлкіндегі үлес құқығынан айрылған пайшы бұл туралы селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органына хабарлайды. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органына мұндай ақпаратты кооператив мүлкіндегі үлеске құқық алған адамдар табыс етуі мүмкін.

4. Пайшы кооператив мүлкіндегі үлес құқығынан айрылған жағдайда селолық тұтыну кооперативіне мүшелікті тоқтату селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының шешімімен ресімделеді.

25-бап. Пайшы болып табылатын азамат қайтыс болған жағдайда селолық тұтыну кооперативіне мүшелікті тоқтату

1. Селолық тұтыну кооперативінің пайшысы болып табылатын азамат қайтыс болған жағдайда оның кооперативке мүшелігі тоқтатылады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы қайтыс болған пайшының кооператив мүлкіндегі ол қайтыс болған күнгі пайына тең үлесін оның мұрагерлеріне төлеу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен бөліп береді.

26-бап. Кооператив таратылған жағдайда селолық тұтыну кооперативіне мүшелікті тоқтату

1. Селолық тұтыну кооперативін тарату кооперативтің барлық пайшыларының мүшелігін тоқтатуға әкеп соғады.

2. Селолық тұтыну кооперативі таратылған жағдайда оның пайшыларының кооператив мүлкіндегі өз пайына тең үлесін осы Заңда белгіленген тәртіппен бөліп алуға құқығы бар.

4-тарау. Селолық тұтыну кооперативін басқару

27-бап. Селолық тұтыну кооперативінің органдары

1. Селолық тұтыну кооперативінің органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғары орган - жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы);
- 2) атқарушы орган - басқарма;
- 3) бақылаушы орган - тексеру комиссиясы (ревизор).

2. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысында селолық тұтыну кооперативінің өзге де органдарын құру көзделуі мүмкін.

28-бап. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы)

1. Жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) кезекті немесе кезектен тыс жиналыс ретінде шақырылады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің пайшысы жалпы жиналысқа жеке өзі немесе өкілі арқылы қатысуы мүмкін.

Жалпы жиналыста атқарушы, бақылаушы және өзге де органдар мүшелерінің кооператив пайшыларының өкілдері ретінде әрекет етуге құқығы жоқ, бұған сенім білдірушінің өзі тиісінше кооперативтің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының мүшесі болатын реттер қосылмайды.

Өзге адам кооператив пайшысының өкілі ретінде сенімхат негізінде әрекет етуге құқылы.

3. Әрбір пайшының немесе оның өкілінің жалпы жиналыста дауыс берген кезде бір дауысы болады.

4. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысында кооператив пайшыларының (пайшылар өкілдерінің) жалпы жиналыста төрағалық етуінің әліпбилік немесе өзге де тәртіппен кезектілігі көзделуі мүмкін.

29-бап. Селолық тұтыну кооперативінің кооперативтік учаскесі пайшыларының жиналысы

1. Бірнеше елді мекендердің тұрғындары селолық тұтыну кооперативінің пайшылары болған жағдайларда немесе селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген өзге де жағдайларда кооперативтік учаскелер құрылуы мүмкін.

2. Кооперативтік учаске селолық тұтыну кооперативінің ажырағысыз бөлігі болып табылады және өз қызметі мәселелерін селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген көлемде ғана шеше алады.

3. Селолық тұтыну кооперативі кооперативтік учаскесінің жоғары органы кооперативтік учаске пайшыларының жалпы жиналысы болып табылады.

4. Кооперативтік учаске пайшыларының жалпы жиналысында селолық тұтыну кооперативі мен кооперативтік учаске қызметінің мәселелері қаралады, сондай-ақ селолық тұтыну кооперативі уәкілдерінің жалпы жиналысына қатысу үшін селолық тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен және өкілдік нормалары бойынша уәкілдер сайланады.

5. Селолық тұтыну кооперативінің кооперативтік учаскесі пайшыларының жиналысы, егер оған селолық тұтыну кооперативінің кооперативтік учаскесі пайшыларының жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады.

6. Кооперативтік учаске пайшылары жиналысының шешімі, егер оны кооперативтік учаске пайшыларының жиналысына қатысушы пайшылардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

7. Селолық тұтыну кооперативі кооперативтік учаскесінің пайшылары жиналыстарының қоғамдастыққа (одаққа) кіру және одан шығу, селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру мен тарату туралы шешімдері селолық тұтыну кооперативі уәкілдерінің жалпы жиналысы үшін міндетті болып табылады. Селолық тұтыну кооперативі кооперативтік учаскесінің пайшылары жиналыстарының басқа мәселелер жөніндегі шешімдері селолық тұтыну кооперативі уәкілдерінің жалпы жиналысында шешімдер қабылдаған кезде уәкілдер үшін міндетті болып табылады.

8. Селолық тұтыну кооперативі кооперативтік учаскесінің пайшылары жалпы жиналысының шешімдер қабылдау тәртібін (жасырын немесе ашық дауыс беру арқылы) сол жиналыс белгілейді.

9. Пайшының немесе оның өкілінің селолық тұтыну кооперативі кооперативтік учаскесінің пайшылары жалпы жиналысының шешімін қабылдаған кезде бір дауысы болады.

30-бап. Селолық тұтыну кооперативінің уәкілі

1. Кооперативтік учаске пайшыларының жалпы жиналысында сайланған селолық тұтыну кооперативінің уәкіліне селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленген өкілеттік беріледі.

2. Уәкілдердің селолық тұтыну кооперативі уәкілдерінің жиналысына қатысуына кооперативтік учаске пайшылары жалпы жиналысының жиналыс төрағасы мен хатшысы қол қойған, нотариат куәландырған хаттамасының көшірмесі болған жағдайда жол беріледі.

3. Селолық тұтыну кооперативінің уәкілі селолық тұтыну кооперативі мен кооперативтік учаске пайшыларының арасындағы байланыстырушы буын болып

табылады. Ол кооперативтік учаскенің қызметін ұйымдастырады және селолық тұтыну кооперативінің уәкілдері жиналысының шешімдерін кооперативтік учаске пайшыларының назарына жеткізіп отырады.

**31-бап. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының
(уәкілдер жиналысының) құзыреті**

1. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) құзыреті осы Заңға және селолық тұтыну кооперативінің жарғысына сәйкес белгіленеді.

2. Жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) айрықша құзыретіне
м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) селолық тұтыну кооперативінің жарғысын өзгерту, оның ішінде мүлiктiк (пайлық) жарнаның мөлшерiн, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгерту немесе кооперативтің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) кооператив қызметінің негізгі бағыттарын белгілеу;

3) селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының басшысы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін доғару, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, оларды ұстауға арналған қаражаттың мөлшерін анықтау;

4) пайшыларды селолық тұтыну кооперативінен шығару;

5) селолық тұтыну кооперативінің ішкі қызметін реттеп отыратын ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа құжаттарды бекіту;

б) қауымдастық (одақ) құру, қауымдастыққа (одаққа) кіру және одан шығу туралы мәселелерді шешу, сондай-ақ қауымдастықтың (одақтың) белгілі бір өкілеттігін беру;

7) селолық тұтыну кооперативінің қауымдастықтағы (одақтағы) өкілдерін сайлау;

8) селолық тұтыну кооперативінің қауымдастықтағы (одақтағы) өкілдеріне аманаттар әзірлеу;

9) жылдық қаржы есептерін, тексеру комиссиясының (ревизордың) есебін бекіту;

10) селолық тұтыну кооперативі шеккен зиянды өтеу тәртібі;

11) селолық тұтыну кооперативі қорларының түрлері мен құрылу және жұмсалыу тәртібін белгілеу;

12) селолық тұтыну кооперативінің құны селолық тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген құннан асып түсетін жылжымайтын мүлкін иеліктен айыру;

13) шаруашылық серіктестіктерін құру және оларға қатысу;

14) селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдау;

15) тарату комиссиясының (таратушының) төрағасы мен мүшелерін сайлау және тарату комиссиясының балансын бекіту.

3. Осы Заңмен жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелермен қатар, селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен оның айрықша құзыретіне басқа да мәселелер жатқызылуы мүмкін.

4. Егер селолық тұтыну кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттікті кооперативтің атқарушы органына беруге құқылы.

5. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдерін қуаттау немесе олардың күшін жою жөніндегі мәселелерді өз қарауына алуға құқығы бар.

6. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) кооператив қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

32-бап. Селолық тұтыну кооперативінің кезекті жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы)

1. Селолық тұтыну кооперативінің кезекті жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) селолық тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген мерзімде, бірақ жылына кемінде бір рет кооперативтің атқарушы органы шақырады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің жылдық қаржы есебін бекітуге арналған жиналыс есепті қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

33-бап. Селолық тұтыну кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы)

1. Селолық тұтыну кооперативінің кезектен тыс (төтенше) жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) осы Заңда, кооперативтің жарғысында көзделген жағдайларда, сондай-ақ мұндай жиналыс шақыруды кооперативтің мүддесі талап еткен өзге де кез келген жағдайларда шақырылады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) кооперативтің атқарушы органы өз бастамасымен, сондай-ақ кооперативтің тексеру комиссиясының (ревизорының) талап етуі бойынша не селолық тұтыну кооперативі пайшыларының жалпы санының оннан бірінен кем болмайтын кооператив пайшыларының (пайшылар уәкілдерінің) бастамасы б о й ы н ш а ш а қ ы р а д ы .

Егер тексеру комиссиясының (ревизордың) немесе кооператив пайшыларының талап еткеніне қарамастан, атқарушы орган кезектен тыс жалпы жиналысты (уәкілдер жиналысын) шақырмаса, оны тексеру комиссиясы (ревизор) немесе селолық тұтыну кооперативі пайшыларының жалпы санының оннан

бірінен кем болмайтын кооператив пайшылары (пайшылар уәкілдері) дербес шақырады.

3. Таратылу процесі жүріп жатқан селолық тұтыну кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) тарату комиссиясы (таратушы) да шақыруы мүмкін.

34-бап. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) шақыру тәртібі

1. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылатын күнге дейін он бес күннен кешіктірмей оның өткізілуі туралы пайшыларды (уәкілдерді) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе басқа әдістермен хабардар етуге міндетті.

Хабарламада жиналыстың өткізілетін уақыты мен орны, сондай-ақ ұсынылып отырған күн тәртібі көрсетілуге тиіс.

2. Селолық тұтыну кооперативінің кез келген пайшысы (уәкілі) жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) күн тәртібі бойынша жиналыс ашылғанға дейін он бес күннен кешіктірмей өз ұсыныстарын енгізуге құқылы.

Осы мерзім ішінде селолық тұтыну кооперативі пайшылары жалпы санының кемінде оннан бірі болатын кооператив пайшылары (уәкілдер) өздері белгілеген мәселелерді жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) күн тәртібіне енгізуді т а л а п е т у г е қ ұ қ ы л ы .

Егер пайшылардың (уәкілдердің) ұсынуы бойынша немесе талап етуі бойынша жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) бастапқы күн тәртібіне өзгерістер енгізілетін болса, жиналысты шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) бұл өзгерістер туралы жиналыс ашылғанға дейін жеті күннен кешіктірмей осы баптың 1-тармағында аталған әдіспен пайшыларды (уәкілдерді) хабардар етуге міндетті.

3. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) келіп түскен ұсыныстарды қарауға және оларды селолық тұтыну кооперациясы жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) күн тәртібіне енгізу немесе одан бас тарту туралы жиналыс ашылатын күнге дейін он күннен кешіктірмей шешім қабылдауға міндетті. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) ұсыныстар қабылданған жағдайда күн тәртібіне өзгерістер енгізу туралы пайшыларға (уәкілдерге) хабарлауға, сондай-ақ жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) күн тәртібіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар қабылданбаған жағдайда селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) ашылғанға дейін жеті күннен кешіктірмей өтініш берушіге бас тарту туралы дәлелді жауап қайтаруға міндетті.

Егер ұсыныстарды жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) күн тәртібіне енгізуден бас тарту және ол бойынша қабылданған шешім өтініш иесінің құқығы мен заңды мүдделерін бұзатын болса, ол мұндай шешімге осы Заңда көзделген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

35-бап. Селолық тұтыну кооперативі пайшыларының жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) өткізу тәртібі

1. Селолық тұтыну кооперативі пайшыларының жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) регламенті осы Заңға, кооперативтің жарғысына, кооперативтің ішкі қызметін реттейтін ережелерге және өзге құжаттарға сәйкес белгіленеді.

2. Жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) ашылар алдында селолық тұтыну кооперативінің келген пайшыларын (уәкілдерін) және олардың өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Пайшылар өздерінің кооперативке мүшелігін растайтын құжаттар негізінде тіркеледі. Уәкілдер, пайшылардың өкілдері өздерінің өкілеттігін растайтын тиісті құжаттарын көрсетуге тиіс. Тіркелмеген пайшы (уәкіл, пайшының өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

3. Жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) келген пайшыларды (уәкілдерді) және олардың өкілдерін тіркеудің деректері қажетті кворум бар деп санауға жеткілікті негіз болған жағдайда ғана хабарланған уақытында ашылады.

Барлық пайшылар (уәкілдер) және олардың өкілдері тіркеуден өтіп, хабардар етілген және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, жиналысты бұрын хабарланған уақыттан ертерек ашуға болмайды.

4. Егер селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) қатысушы пайшылар (уәкілдер) және олардың өкілдері селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің жартысынан астамынан өкіл болса, ол заңды деп танылады. Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен қабылдануға тиіс болған жағдайда, егер жиналысқа қатысушы пайшылар (уәкілдер) және олардың өкілдері селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің үштен екісінен өкіл болса, ол шешім қабылдауға құқылы.

5. Кворум болмаған жағдайда селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) бастапқы жалпы жиналыстың өтетін күні белгіленгеннен кейінгі күннен ерте қайталап өткізуге болмайды.

Қайталап шақырылған жиналыс селолық тұтыну кооперативі пайшыларының (уәкілдерінің) немесе олардың өкілдерінің жалпы санының үштен бірі болғанда заңды болып табылады. Егер қатысушы пайшылар (уәкілдер) және олардың

өкілдері селолық тұтыну Кооперативі мүшелерінің жартысынан кемінің өкілі болса, мұндай жиналыс білікті көпшілік дауысты талап етпейтін мәселелер бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы.

6. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) атқарушы органның басшысы немесе оның міндетін атқарушы ашады. Кооперативтің тексеру комиссиясы (ревизоры) немесе пайшылары (уәкілдері) шақырған жиналысты тиісінше тексеру Комиссиясының төрағасы (ревизор) немесе олардың міндетін атқаратын адамдар не жиналысты шақырған кооператив пайшыларының (уәкілдерінің) бірі ашады.

Тарату комиссиясы (таратушы) шақырған жиналысты (уәкілдер жиналысын) тарату комиссиясының төрағасы (таратушы) немесе оның орнындағы адам ашады.

7. Жалпы жиналысты (уәкілдер жиналысын) ашушы адам жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) төрағалық етушіні және оның хатшысын сайлауды жүргізеді, шешім қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

8. Жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) хатшысы жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) хаттамасын жүргізуге жауап береді.

Хаттамаға жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) төрағалық етуші мен оның хатшысы қол қояды.

Барлық жалпы жиналыстардың (уәкілдер жиналыстарының) хаттамалары хаттамалар кітабына тіркеледі, ол кооперативтің атқарушы органында сақталуға тиіс және селолық тұтыну кооперативінің кез келген пайшысына танысу үшін кез келген уақытта беріледі. Кооператив пайшыларының талап етуі бойынша оларға хаттамалар кітабынан куәландырылған көшірмелер беріледі.

9. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау басталғанға дейін жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) кворумды анықтап алуға міндетті. Бұл талапты орындамау жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) кворумның бар екендігін анықтағанға дейін қабылданған барлық шешімдердің жарамсыз болуына әкеп соғады.

Осы Заңның 31-бабының 2-тармағының 1), 6), 10), 12), 14) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша дауыс беру кезінде, сондай-ақ кооперативтің жарғысында немесе оның ішкі қызметін реттейтін ережелер мен өзге де құжаттарда көзделген өзге жағдайларда кворумды тікелей дауыс берілер алдында тағы да белгілеп алу қажет.

36-бап. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімдер қабылдау тәртібі

1. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) күн тәртібінің жиналысқа қатысушыларға хабарланған мәселелері бойынша ғана

шешім қабылдауға құқылы. Бұл орайда кооператив пайшылары жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) күн тәртібіне енгізуді талап еткен мәселелер жиналысты шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) осы Заңда көзделген міндеттерді орындамаған жағдайдың өзінде де күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

2. Осы Заңның 31-бабының 2-тармағының 1), 6), 10), 12), 14) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдер селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің жалпы санының төрттен үш білікті көпшілік даусымен қабылданады.

Осы Заңның 31-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы бойынша шешім қабылдау кезінде кооперативтен шығарылуға тиіс пайшы дауыс беруге қатыспайды және есептеу кезінде оған тиесілі дауыс есепке алынбайды.

Басқа шешімдер, егер кооператив жарғысы оларды қабылдау үшін көбірек дауыс санын талап етпесе, кооперативтің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) қатысушылардың және өкіл болып отырғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

3. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі, егер кооператив жарғысында немесе кооперативтің ішкі қызметін реттейтін ережелер мен өзге де құжаттарда жасырын дауыс беру көзделмесе, ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

37-бап. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімдеріне шағым беру

Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) жалпы жиналысты (уәкілдер жиналысын) өткізу және осы Заңмен, кооперативтің жарғысымен немесе кооперативтің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен белгіленген шешімдер қабылдау тәртібін бұза отырып қабылдаған шешімін, сол сияқты жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) заңға немесе кооператив жарғысына қайшы келетін шешімін, соның ішінде кооператив пайшысының құқығын бұзатын шешімін кооператив пайшысының арызы бойынша сот толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Мұндай арыз жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) өткізілген күннен бастап алты ай ішінде берілуі мүмкін.

38-бап. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы

1. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы кооператив қызметіне ағымдағы басшылық жасау мен оның істерін жүргізуді жүзеге асырады және селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) есеп береді.

2. Селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының мүшелері жарғыда белгіленген құрам мен мерзімге сайланады және міндеттерін (өкілеттігін)

атқарудан кооперативтің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша кез келген уақытта босатылуы мүмкін.

3. Кооперативтің атқарушы органына сол кооперативтің пайшылары ғана мүше бола алады.

4. Атқарушы органның жұмысы мен шешімдер қабылдау тәртібі селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді.

39-бап. Селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының құзыреті

1. Селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының құзыретіне осы Заңмен, кооперативтің жарғысымен немесе жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) қабылданған ережелермен және өзге де құжаттармен белгіленген, жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) құзыретіне жатпайтын кооператив қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

Жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) айрықша құзыретіне жатпайтын, осы Заңның 31-бабының 4-тармағына сәйкес атқарушы органға берілген өкілеттік те кооперативтің атқарушы органының құзыретіне жатады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің үшінші тұлғалармен қатынастарында кооперативтің атқарушы органының өкілеттігіне өзі белгілеген шектеулерге сілтеме жасауға құқығы жоқ. Алайда селолық тұтыну кооперативі өзінің атқарушы органы үшінші тұлғамен белгіленген шектеулерді бұза отырып жасасқан мәміленің жарамдылығын, егер мәміле жасалған кезде үшінші тұлғаның мұндай шектеулерді білгенін дәлелдесе, даулауға құқылы.

40-бап. Атқарушы орган мүшелері мен селолық тұтыну кооперативінің мүдделер қайшылығы

1. Селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының мүшелеріне:

1) жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) келісімінсіз кооперативпен мүліктік пайда табуға (сыйға тарту, қарыз алу, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және басқа шарттарды қоса алғанда) бағытталған мәмілелер жасасуға;

2) кооперативтің үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелері үшін кооперативтің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;

3) үшінші тұлғалардың кооперативпен қатынастарында олардың атынан немесе мүдделерін көздеп әрекет жасауға;

4) кооператив қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген шектеулер селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы мүшелерінің жақын туыстары мен жекжаттарына да қолданылады.

41-бап. Селолық тұтыну кооперативінің тексеру комиссиясы (ревизоры)

1. Селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру үшін кооператив пайшыларының арасынан тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін.

Тексеру комиссиясының міндеттерін орындау жеке тексеруші ретінде кооператив пайшыларының біріне тапсырылуы мүмкін.

2. Селолық тұтыну кооперативінің тексеру комиссиясын немесе ревизорын жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) кооператив жарғысында белгіленген мерзімге сайлайды.

3. Селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының мүшелері бір мезгілде тексеру комиссиясының мүшесі (ревизор) бола алмайды.

4. Селолық тұтыну кооперативінің тексеру комиссиясы (ревизор) селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) есеп береді.

5. Тексеру комиссиясы (ревизор) кез келген уақытта селолық тұтыну кооперативі атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясының (ревизордың) осы мақсат үшін кооперативтің барлық құжаттамасын сөзсіз пайдалану құқығы бар. Тексеру комиссиясының (ревизордың) талап етуі бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсінік беруге міндетті.

6. Тексеру комиссиясы (ревизор) селолық тұтыну кооперативінің жылдық қаржы есебі жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) бекітілгенге дейін оған міндетті түрде тексеру жүргізеді. Тексеру комиссиясының (ревизордың) қорытындысы не аудиторлық есеп болмаса, жалпы жиналыстың жылдық қаржы есебін бекітуге құқығы жоқ.

7. Селолық тұтыну кооперативі тексеру комиссиясының (ревизорының) жұмыс тәртібі жарғыда, сондай-ақ кооперативтің ішкі қызметін реттейтін ережелер мен өзге де құжаттарда белгіленеді.

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.05.05. № 139 Заңымен.

42-бап. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану

1. Селолық тұтыну кооперативінің пайшылары селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының шешімдері мен іс-әрекетіне селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) шағымдана алады немесе сот тәртібімен шағымдана алады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы басшысының шешімдері мен іс-әрекетіне кооперативтің атқарушы органы мен жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) шағымдануға болады немесе сот тәртібімен шағымдануға болады.

43-бап. Селолық тұтыну кооперативінің сыртқы аудиті

1. Селолық тұтыну кооперативі жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру мен бекіту үшін кооператив өз жарғысында көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша, кооперативпен, оның атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарының мүшелерімен немесе пайшылармен мүліктік мүдделер арқылы байланысты емес аудиторлық ұйымды /сыртқы аудит/ таратуға құқылы.

2. Заң актілерінде кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын барлық селолық тұтыну кооперативтері үшін жылдық қаржылық есептілігінің аудитін міндетті түрде жүргізу белгіленуі мүмкін.

3. Селолық тұтыну кооперативінің пайшысы өз есебінен кооперативтің қаржы есептілігіне аудит жүргізуді талап етуге құқылы.

4. Егер селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы кооперативтің қаржы есептілігіне аудит міндетті болған кезде немесе оның жүргізілуін кооперативтің пайшысы талап еткен кезде аудит жүргізуден жалтарса, аудит мүдделі адамның не кооператив пайшысының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.05.05. № 139 Заңымен.

44-бап. Селолық тұтыну кооперативінің жария қаржы есебі

Селолық тұтыну кооперативі жалпы жұрттың мағлұмат алуы үшін тиісті жылға арналған қаржы есебін жариялап отыруға міндетті.

5-тарау. Селолық тұтыну кооперативінің мүлкі

45-бап. Селолық тұтыну кооперативінің мүлкі, оны қалыптастыру көздері

1. Селолық тұтыну кооперативі заңды тұлға ретінде селолық тұтыну кооперативінің балансына есептелетін мүліктің меншік иесі болып табылады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің мүлкі оның мүшелерінің (пайшыларының) мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру жолымен жасалады.

3. Селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) қосымша (нысаналы) мүліктік (пайлық) жарналар белгілеуі мүмкін.

4. Мүліктік (пайлық) және қосымша жарналардан басқа, селолық тұтыну кооперативінің және ол құрған филиалдар мен бөлімшелердің кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстары, сондай-ақ оның өз қаражатын шаруашылық серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға, банктерге, бағалы қағаздарға және

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерге салудан алған табыстары селолық тұтыну кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады.

5. Селолық тұтыну кооперативтері өзінің жарғылық мақсаттарын орындау үшін селолық тұтыну кооперативтерінің жарғылық мақсаттарына сай келетін шаруашылық серіктестіктерін, мекемелер, филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

6. Селолық тұтыну кооперативі құрған мекемелердің мүлкі оларға оралымды басқару құқығында бекітіліп беріледі.

7. Селолық тұтыну кооперативі алған табысты оның мүшелері арасында бөлуге болмайды және жарғылық мақсаттарға жіберіледі.

8. Селолық тұтыну кооперативінің меншігіндегі мүлікке билік ету кооперативтің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

46-бап. Мүліктік (пайлық) жарна

1. Кооперативті құру кезіндегі мүліктік (пайлық) жарнаның ең төмен мөлшерін селолық тұтыну кооперативінің құрылтай жиналысы белгілейді.

2. Кооператив құрылғаннан кейін жаңадан кірген пайшыларға арналған мүліктік (пайлық) жарнаның ең төмен мөлшері селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен белгіленеді.

3. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен мүліктік (пайлық) жарнаның ең жоғары мөлшері шектелуі мүмкін. Мұндай шектеуді белгілі бір пайшыға қатысты белгілеуге болмайды.

4. Қосымша (нысаналы) мүліктік (пайлық) жарнаның мөлшерін селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) белгілейді.

5. Мүліктік (пайлық) жарна ақшалай, бағалы қағаздармен, затпен, мүліктік құқықпен, оның ішінде жерді пайдалану құқығымен және интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықпен және өзге де мүлікпен енгізілуі мүмкін.

Жарналарды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

6. Пайшылардың заттай нысандағы немесе мүліктік құқық түріндегі жарналары барлық пайшылардың келісімі бойынша немесе селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне бара-бар сомадан артық болса, оның бағалануын тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.

7. Кооперативке салым есебінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда бұл салымның мөлшері пайдаланғаны үшін селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) белгілеген бүкіл мерзімге есептеліп төленетін ақымен белгіленеді.

Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) келісімінсіз пайдалану құқығы мүлiктiк (пайлық) салым болып табылатын мүлiктi мерзiмiнен бұрын алып қоюға жол берiлмейдi.

Егер селолық тұтыну кооперативiнiң жарғысында өзгеше көзделмесе, кооперативтiң пайдалануына берiлген мүлiктiң кездейсоқ жойылып кету немесе бұлiну қаупi мүлiк иесiне жүктеледi.

8. Мүлiктiк (пайлық) жарналарды енгiзу мерзiмi селолық тұтыну кооперативiнiң жарғысында белгiленедi.

47-бап. Селолық тұтыну кооперативiнiң қорлары

1. Селолық тұтыну кооперативi өз қызметiн жүзеге асыру кезiнде мынадай қорлар:

- 1) пайлық;
- 2) бөлiнбейтiн;
- 3) селолық тұтыну кооперативiн дамыту;
- 4) резервтік;
- 5) пайшыларды ынталандыру және әлеуметтік қолдау қорларын;
- 6) селолық тұтыну кооперативiнiң жарғысына сәйкес өзге де қорлар құруға құқылы.

2. Селолық тұтыну кооперативiнiң пайлық қоры кооператив мүшелерiнiң мүлiктiк (пайлық) жарналарынан тұрады және кооперативтiң мүлкiн қалыптастыру көздерiнiң бiрi болып табылады.

3. Кооператив алған табыстар және заңдарда тыйым салынбаған өзге де көздер селолық тұтыну кооперативiнiң басқа қорларын қалыптастыру көзi болып табылады.

4. Селолық тұтыну кооперативi қорларын қалыптастыру мен пайдалану тәртібiн, олардың қайта бөлiнуiн селолық тұтыну кооперативiнiң жалпы жиналысы (уәкiлдер жиналысы) белгiлейдi.

48-бап. Пайшылардың селолық тұтыну кооперативiнiң мүлкiндегi үлесi

1. Селолық тұтыну кооперативiнiң меншiгiндегi мүлiк оның мүшелерiнiң (пайшыларының) пайы және бөлiнбейтiн қоры болып бөлiнедi.

2. Селолық тұтыну кооперативiнде еңбек шарты бойынша жұмыс iстейтiн және кооперативтiң пайшылары болып табылмайтын азаматтар селолық тұтыну кооперативiнiң мүлкiндегi үлестен дәме ете алмайды.

3. Селолық тұтыну кооперативi бөлiнбейтiн қорының объектiлерiн және олардың құндық баламасын селолық тұтыну кооперативiнiң жалпы жиналысы (уәкiлдер жиналысы) белгiлейдi.

4. Селолық тұтыну кооперативiнiң мүлкiндегi пайшының үлесiн анықтау кезiнде кооператив мүлкiнiң құнынан бөлiнбейтiн қордың құны, сондай-ақ

пайшының үлесін анықтау күніне пайда болған залал мен міндеттеме шегеріледі. Кооперативтің құндық баламасында құралған мүлкіндегі пайшының үлесі оның мүліктік (пайлық) жарнасына пара-пар болады.

5. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысы немесе жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) пайшылардың әрқайсысының селолық тұтыну кооперативінің мүлкін құруға және көбейтуге қосқан үлесіне қарай олардың үлесін анықтау және өзгерту тәртібін белгілеуі мүмкін.

6. Селолық тұтыну кооперативінің әрбір пайшысы өзінің қалауына қарай өз үлесін сатуға, сыйға беруге, мұраға қалдыруға, кепілге салуға не осы Заңда және селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген шарттарды сақтай отырып, оған өзгеше түрде билік етуге құқылы.

7. Селолық тұтыну кооперативінің мүлкіндегі өз үлесімен қандай да бір операциялар жасау алдында пайшы селолық тұтыну кооперативінің ортақ мүлкінен өз үлесін бөлуді талап етіп, кооперативтің жарғысында белгіленген мерзімде кооперативтің атқарушы органына арыз беруге міндетті.

Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. № 253 Заңымен.

49-бап. Селолық тұтыну кооперативі пайшысының кооператив мүлкіндегі өз үлесіне билік етуі

1. Пайшының селолық тұтыну кооперативі мүлкіндегі үлесі мүліктік (пайлық) жарнаны толық төлегенге дейін жарна төленген бөлігінде ғана иеліктен алынуы немесе кепілге салынуы мүмкін.

2. Селолық тұтыну кооперативінің пайшысы кооператив мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін өз таңдауы бойынша кооперативтің бір немесе бірнеше пайшысына сатуға немесе өзге де әдіспен беруге құқылы. Дәл солайша селолық тұтыну кооперативінің пайшысы кооперативтің басқа пайшысының алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін кепілге салуға құқылы. Бұл мәмілелерді жасауға кооперативтің немесе басқа пайшылардың келісімі талап етілмейді.

50-бап. Селолық тұтыну кооперативі пайшысының үлесін үшінші тұлғаға беру мүмкіндігі

1. Селолық тұтыну кооперативі пайшысының өз үлесін (оның бір бөлігін) үшінші тұлғаға беруіне немесе пайшының үшінші тұлға алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін (үлестің бір бөлігін) кепілге салуына жол беріледі.

2. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысында үлесті үшінші тұлғаға сату белгілі бір талаптарды орындағанда ғана жол берілетін болып көзделуі мүмкін.

51-бап. Иеліктен айырылатын үлесті сатып алуға басымдық берілетін құқық

1. Селолық тұтыну кооперативінің пайшылары әлдебір пайшылардың біреуі үлесін немесе оның бір бөлігін сатқан жағдайда оны сатып алуға үшінші тұлғаларға қарағанда басым құқықты пайдаланады. Мұндай құқықты әрбір пайшы пайдалана алады. Егер сатып алудың басым құқығын пайдаланғысы келетін пайшылар бірнешеу болса және жарғыда немесе кооператив пайшыларының өзге де келісімінде өзгеше көзделмесе, үлесті (оның бір бөлігін) сатып алудың басым құқығын пайшылар кооператив мүлкіндегі өз үлесінің мөлшеріне қарай жүзеге асырады.

2. Селолық тұтыну кооперативінің пайшысынан үлесін сатуға ұсынуы туралы хабарлама алған кезден бастап жеті күн ішінде атқарушы орган бұл туралы кооперативтің барлық пайшыларына хабарлайды. Кооперативтің сатып алудың басым құқығын жүзеге асырғысы келетін пайшысы жеті күн мерзімде бұл туралы кооперативтің атқарушы органына хабарлап, бұл орайда сатуға ұсынылып отырған үлесті толық немесе оның белгілі бір бөлігін сатып алғысы келетінін көрсетуге тиіс.

3. Егер түскен ұсыныстардың жиынтық көлемі сатылатын үлестің мөлшерінен аспаса, пайшылардың әрқайсысы оның өз хабарламасында көрсеткен бөлігін сатып алады. Үлестің қалған бөлігі, егер бұлайша иеліктен айыруға дейін селолық тұтыну кооперативі пайшыларынан қосымша ұсыныстар келіп түспесе, үшінші тұлғаға иеліктен айырылып берілуі мүмкін.

4. Үлес немесе оның бір бөлігі сатып алудың басым құқығын бұза отырып сатылған жағдайда селолық тұтыну кооперативінің кез келген пайшысы үш ай ішінде сот тәртібімен өзіне сатып алушының құқықтары мен міндеттері берілуін талап ете алады.

5. Иеліктен айырылатын үлесті сатып алудың басым құқығы үлесті сатудың кез келген әдісі жағдайында, оның ішінде сауда-саттықта да жүзеге асырылады.

6. Үлесті сатып алудың басым құқығын басқаға беруге жол берілмейді.

7. Иеліктен айырылатын үлесті немесе оның бір бөлігін кооператив пайшысы (пайшылары) сатып алған жағдайда оның кооператив мүлкіндегі үлесі көбейеді.

8. Осы баптың ережелері үлесті айырбас шарты бойынша иеліктен айыру кезінде де қолданылады.

9. Үлесті немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаға сату кезінде пайшылар оны сатып алудың басым құқығын пайдаланғысы келмеген жағдайда сатып алудың басым құқығын селолық тұтыну кооперативінің өзі пайдалана алады.

52-бап. Басқа пайшылардың үлесті сатып алудан бас тартқан кезінде селолық тұтыну кооперативі пайшысының үлесін сату

1. Селолық тұтыну кооперативінің жарғысымен селолық тұтыну кооперативінің пайшыларына өз үлесін үшінші тұлғаларға сатуға тыйым салуы немесе шек қоюы көзделуі мүмкін (мысалы, үлесті кооперативтің тек басқа пайшысына не үшінші тұлғалардың шектеулі тобына сату). Бұл орайда сату осындай тыйым салу мен шектеулер сақтала отырып жүргізілуге тиіс.

2. Үлесті сату сатушының еркінен тыс мән-жайлар бойынша осы баптың 1-тармағында көзделген тыйым салу немесе шектеулер сақтала отырып жүргізу мүмкін болмаған реттерде үлесін сатқысы келетін пайшы осы үлесті сатып алуды немесе оны үшінші тұлғаға сатуға рұқсат беруді талап етіп, селолық тұтыну кооперативіне жүгінуге құқылы.

Осы нұсқалардың бірін таңдауды кооператив пайшыларының жалпы жиналысы жүргізеді.

3. Селолық тұтыну кооперативі үлесті сатып алған кезде үлестің бағасы тараптардың келісімімен, ал келісімге келе алмаған жағдайда сот арқылы белгіленеді.

4. Үлесті үшінші тұлғаға сатуға селолық тұтыну кооперативі келіскен жағдайда кооператив пайшысы үлесті сатып алуға басым құқығын сақтап қалады.

53-бап. Пайшының үлесін селолық тұтыну кооперативі сатып алуының салдары

1. Пайшының үлесін селолық тұтыну кооперативі сатып алғаннан кейін, сондай-ақ пайшының үлесін кооператив тараптардың келісімі бойынша сатып алғаннан кейін кооператив басқа пайшыларға осы үлесті селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімімен белгіленген баға бойынша сатып алуды ұсынуға міндетті.

2. Үлесті сатып алуға бірнеше пайшы ниет білдірген жағдайда үлес олардың арасында селолық тұтыну кооперативі мүлкіндегі үлестеріне бара-бар мөлшерде бөлінеді.

Пайшы сатып алған үлес мөлшері осы пайшыға сатып алғанға дейінгі тиесілі үлес мөлшеріне қосылады. Бұл орайда кооперативтің бір пайшысына тиесілі болуы мүмкін үлес мөлшерін шектеу мүмкіндігі сақталады.

3. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) шешімімен кооператив атынан сатып алынған үлесті үшінші тұлғаға сатуға құқылы.

54-бап. Селолық тұтыну кооперативінен шығарылуға тиісті пайшының үлесін бөліп беру

1. Селолық тұтыну кооперативінен шығарылуға тиісті пайшының үлесін бөліп беру жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Селолық тұтыну кооперативінің пайшысы кооперативке немесе оның пайшыларына қасақана зиян келтірген жағдайда олар зиян келтірушіден бөлінген пайы есебінен зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

3. Егер тараптар өтелетін зиянның және пайшыға бөлінетін үлестің мөлшері туралы келісімге келмеген жағдайда дау сот тәртібімен шешіледі.

55-бап. Селолық тұтыну кооперативі мен оның мүшелерінің мүлiктік жауапкершілігі

1. Селолық тұтыну кооперативі өзіне тиесілі барлық мүлікке өз міндеттемелері бойынша жауап береді және пайшылардың басқа міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Селолық тұтыну кооперативінің мүшелері (пайшылары) жасалған залалдарды (кәсіпкерлік қызмет залалдарын қоспағанда) жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін үш ай ішінде қосымша жарналар жолымен жабуға міндетті. Бұл міндет орындалмаған жағдайда кооператив кредит берушілердің талап етуі бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

3. Пайшылардың селолық тұтыну кооперативінің міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен белгіленеді.

6-тарау. Селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру және азайту

56-бап. Селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру

1. Селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару) кооперативтің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Кооператив пайшыларының құрамын үлестен айыру немесе өзгеше өзгерту селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру болып табылмайды.

2. Заң актілерімен белгіленген жағдайларда, селолық тұтыну кооперативін оны бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше кооперативті бөліп шығару нысанында мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Селолық тұтыну кооперативін заңды тұлғалардың басқа түрлері мен нысандарында қайта құруға болмайды.

57-бап. Селолық тұтыну кооперативтерінің қосылуы, бірігуі

1. Екі немесе бірнеше селолық тұтыну кооперативтерінің қосылуы осы кооперативтер мүлкінің толық біріктірілуі жолымен жүзеге асырылады.

Қосылу нәтижесінде жаңа кооператив пайда болады, ал қосылған

кооперативтердің жұмысы тоқтатылады. Бұл орайда кооперативтердің қосылуына әрбір қатысушының барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес жаңадан пайда болған кооперативке ауысады.

2. Бір немесе бірнеше селолық кооперативтің басқа селолық тұтыну кооперативіне бірігуі бірігетін кооператив мүлкінің бірігуші кооперативтер мүлкіне енгізілуі жолымен жүзеге асырылады. Бұл орайда бірігетін кооперативтердің қызметі тоқтатылады, ал олардың барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес бірігуші кооперативке ауысады, оның жарғысына қайта ұйымдастыруға байланысты өзгерістер енгізіледі.

3. Қосылуға, бірігуге қатысушы селолық тұтыну кооперативтерінің атқарушы органдары қосылу, бірігу туралы шарттың жобаларын әзірлейді және әр кооперативтің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) қарауына қосылу, бірігу жөніндегі және қосылу, бірігу туралы шартты бекіту жөніндегі мәселелерді енгізеді.

Қосылу, бірігу туралы шарттың келісілген мәтініне кооперативтің атқарушы органдары уәкілдік берген адамдар қол қояды.

Қосылу, бірігу туралы шартта қосылуға, бірігуге қатысушы кооперативтердің әрқайсысының фирмалық атауы, орналасқан жері мен мекен-жайы туралы мәліметтер, олардың баланстарының негізгі деректері болуға, сондай-ақ қосылудың, бірігудің тәртібі мен талаптары көзделуге тиіс.

4. Қосылуға, бірігуге қатысушы селолық тұтыну кооперативтерінің әрқайсысы жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) қосылу, бірігу туралы шешім қабылдаған күннен кейін екі ай мерзімде өздерінің барлық кредит берушілеріне қосылу, бірігу туралы жазбаша хабарлама жіберуге және ресми баспасөз органдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға (хабарландыруға) осы баптың 3-тармағында көрсетілген қосылуға, бірігуге қатысатын басқа да кооперативтер туралы мәліметтер тіркеледі.

Кооперативтердің кредит берушілері хабарлама алынғаннан немесе хабарландыру жарияланғаннан кейін екі ай мерзімде кооперативтен қосымша кепілдіктер не кооперативтің тиісті міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдардың орны толтырылуын талап етуге құқылы. Талап кооперативке жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері кооперативті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға табыс етілуі мүмкін.

5. Қосылуға, бірігуге қатысушы селолық тұтыну кооперативінің әрқайсысы жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) қосылу, бірігу туралы шешімі қабылданған кезден бастап, бұл шешім туралы шешім қабылданғаннан кейін туындайтын міндеттемелер бойынша кредит берушілерге хабарлауға міндетті.

Кооперативтердің қосылу, бірігу туралы шарттары негізінде қосылушы, бірігуші кооперативтердің пайшылары жалпы жиналыста (уәкілдер

жиналысында) жаңадан құрылатын кооперативтің жарғысын қабылдайды және кооперативтің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарын сайлайды.

58-бап. Селолық тұтыну кооперативін бөлу, бөліп шығару

1. Селолық тұтыну кооперативін бөлу осы кооперативтің мүлкін пайда болған екі немесе бірнеше селолық тұтыну кооперативтерінің арасында бөлу жолымен жүзеге асырылады. Бұл орайда бөлінген кооперативтің құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған кооперативтерге ауысады.

2. Селолық тұтыну кооперативінен бір немесе бірнеше селолық тұтыну кооперативтерін бөліп шығару кооператив мүлкінің бір бөлігін бөліп беру және оны жаңадан пайда болған бір немесе бірнеше кооперативке беру жолымен жүзеге асырылады.

Бұл орайда қайта ұйымдастырылатын кооперативтің құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігі бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған кооперативке ауысады.

3. Қайта ұйымдастырылатын селолық тұтыну кооперативінің атқарушы органы жаңадан пайда болатын кооперативтің бөлу, бөліп шығару жоспары мен жарғыларының жобаларын әзірлейді және кооперативті бөлу, бөліп шығару жаңадан пайда болатын кооперативтердің бөлу, бөліп шығару жоспарын, жарғысын және бөлу балансын бекіту туралы, сондай-ақ жаңадан пайда болатын кооперативтердің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдарын сайлау туралы мәселелерді жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) қарауына енгізеді.

4. Егер селолық тұтыну кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, оны бөлу, бөліп шығару кезінде әрбір пайшы жаңадан пайда болатын кооперативтердің әрқайсысының кооператив мүлкіндегі қайта ұйымдастырылатын кооператив мүлкінің өз үлесіне тең үлесін алуға құқылы.

5. Жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) бөлу, бөліп шығару туралы шешім қабылдаған кезден бастап, селолық тұтыну кооперативі осы шешім туралы шешім қабылданғаннан кейін туындаған міндеттемелер жөнінде кредит берушілерге хабарлауға міндетті.

6. Селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) бөлу, бөліп шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде өзінің барлық кредит берушілеріне бөлу, бөліп шығару туралы жазбаша хабарлама жіберуге және ресми баспасөз органдарында бөлу, бөліп шығару туралы тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға (хабарландыруға) бөлу балансы, сондай-ақ жаңадан пайда болған кооперативтердің әрқайсысының фирмалық атауы, орналасқан жері және мекен-жайы туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

7. Қайта ұйымдастырылатын селолық тұтыну кооперативінің кредит берушілері хабарлама алған (хабарландыру жарияланған) күннен кейінгі екі ай

мерзімде кооперативтен тиісті міндеттемесін мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдың орнын толтыруын талап етуге құқылы. Талап кооперативке жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері кооперативті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға табыс етілуі мүмкін.

8. Селолық тұтыну кооперативін бөлу, бөліп шығару нәтижесінде пайда болған селолық тұтыну кооперативтері жаңа кооперативтер тіркелген кезден бастап бір жыл ішінде оның міндеттемелері бойынша бірлесіп жауапты болады.

**59-бап. Селолық тұтыну кооперативін мәжбүрлеп бөлу,
бөліп шығару туралы сот шешімін орындамаудың
салдары**

1. Егер селолық тұтыну кооперативтерінің мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру кезінде сот шешімі бойынша бөлуді, бөліп шығаруды жүргізуге уәкілетті атқарушы органы кооперативті бөлуді, бөліп шығаруды сот шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот кооператив мүлкіне сенім білдірілген басқарушы тағайындайды және оған осы кооперативтің бөлінуін, бөлініп шығарылуын қайта ұйымдастырылатын кооператив мүлкі есебінен жүргізуді тапсырады.

2. Сенім білдірілген басқарушы тағайындалған кезден бастап селолық тұтыну кооперативін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады, селолық тұтыну кооперативінің атқарушы, бақылаушы және өзге де органдары өз қызметін тоқтатады.

3. Сенім білдірілген басқарушы сотта селолық тұтыну кооперативінің атынан өкіл болады, бөлу балансын жасайды және оны кооперативтердің бөлу, бөліп шығару нәтижесінде туындайтын құрылтай құжаттарымен бірге соттың бекітуіне береді. Аталған құжаттарды соттың бекітуі жаңадан пайда болатын кооперативтерді мемлекеттік тіркеу үшін негіздеме болып табылады.

**60-бап. Селолық тұтыну кооперативін қайта ұйымдастыру
нәтижесінде пайда болатын заңды тұлғаларды
мемлекеттік тіркеу**

1. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болатын селолық тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Селолық тұтыну кооперативтері қосылған жағдайда мемлекеттік тіркеуді жаңадан пайда болатын селолық тұтыну кооперативі орналасқан жердегі тіркеуші орган жүргізеді.

Селолық тұтыну кооперативтері біріккен жағдайда мемлекеттік тіркеуді бірігуші селолық тұтыну кооперативі орналасқан жердегі тіркеуші орган

ж ү р г і з е д і .

Селолық тұтыну кооперативтері бөлінген, бөліп шығарылған жағдайда мемлекеттік тіркеуді қайта ұйымдастырылушы селолық тұтыну кооперативі орналасқан жердегі тіркеуші орган жүргізеді. Бұл тіркеуші орган жаңа селолық тұтыну кооперативтерін мемлекеттік тіркеу деректерін жаңадан пайда болған селолық тұтыну кооперативтері орналасқан жерден заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарлайды.

3. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болатын селолық тұтыну кооперативін мемлекеттік тіркеуді заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган кредит берушілерге кооперативті қайта ұйымдастыруды талап етіп арыз беру үшін берілген мерзім өткен соң жүзеге асырады. Егер заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға селолық тұтыну кооперативтерін қайта ұйымдастыруға қатысатын кредит берушілер талаптарының көшірмелері келіп түссе, жаңадан пайда болатын селолық тұтыну кооперативі осы талаптардың орындалуына дәлелдемелер табыс етілген не сол талаптарды қойған кредит берушілердің қайта ұйымдастыруға қарсылығы болмаған жағдайда тіркеледі.

4. Егер жыл ішінде, селолық тұтыну кооперативтерін қайта ұйымдастыруға қатысушылардың соңғысының жалпы жиналысында (уәкілдер жиналысында) қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап, мемлекеттік тіркеу туралы арыз берілмеген болса не қажетті айғақтар табыс етілмесе (осы баптың 3-тармағы), қайта ұйымдастыру жасалмаған болып есептеледі.

5. Қосылу және бөлініп шығу нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, қайта ұйымдастыруға қатысатын селолық тұтыну кооперативтері жаңадан пайда болған селолық тұтыну кооперативтері мемлекеттік тіркелген кезден бастап өз қызметін тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталады.

Қосылатын селолық тұтыну кооперативі оның басқа селолық тұтыну кооперативіне қосылуы тіркелген кезден бастап өз қызметін тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталады.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

61-бап. Селолық тұтыну кооперативін тарату

1. Селолық тұтыну кооперативі оның жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Селолық тұтыну кооперативінің оны тарату жөнінде шешім қабылдаған жалпы жиналысы тарату комиссиясын (таратушыны) тағайындайды және селолық тұтыну кооперативін таратудың тәртібі мен мерзімін белгілейді.

3. Селолық тұтыну кооперативін таратқан кезде оның бөлінбейтін қорының мүлкі бөлінуге жатпайды және таратылатын селолық тұтыну кооперативі жалпы жиналысының шешімі негізінде басқа селолық тұтыну кооперативіне (селолық тұтыну кооперативтеріне) оның (олардың) бөлінбейтін қорын толықтыру үшін беріледі.

4. Бөлінбейтін қор мүлкін қоспағанда, кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін селолық тұтыну кооперативінің қалған мүлкі пайшылар арасында олардың мүлктік (пайлық) жарнасына бара-бар бөлінеді.

7-тарау. Қазақстан Республикасының селолық тұтыну кооперациясы жүйесіндегі қауымдастар (одақтар)

62-бап. Қауымдастықтардың (одақтардың) құрылуы мен қызметінің негізгі принциптері

1. Селолық тұтыну кооперациясы жүйесіндегі қауымдастықтар (одақтар) ерікті негізде және, әдетте, аумақтық белгісі бойынша құрылады.

2. Қауымдастықтар (одақтар) коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және жарғы мен құрылтай шартының негізінде жұмыс істейді.

3. Қауымдастықтар (одақтар) өз мүшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады, сондай-ақ олардың жалпы мүлктік мүдделерін білдіреді және қ о р ғ а й д ы .

Қауымдастықтар (одақтар) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, құрылтай шартында немесе жарғыда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға құқылы.

4. Қауымдастықтардың (одақтардың) мүшелері дербестігін және заңды тұлға құқығын сақтайды.

5. Қауымдастықтардың (одақтардың) мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін басқа заңды тұлғалар да олардың мүшелері бола алады.

6. Қауымдастықтар (одақтар) өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қауымдастықтардың (одақтардың) мүшелері өз міндеттемелері бойынша құрылтай құжаттарында көзделген мөлшер мен тәртіпте субсидиарлық жауапты болады.

7. Қауымдастықтар (одақтар) өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін мөлшерде ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

Қауымдастықтардың (одақтардың) кәсіпкерлік қызметінен алынатын табыс шығындарды жабуға және қауымдастықтардың (одақтардың) жарғылық қызметін жүзеге асыруға жұмсалады.

8. Қауымдастықтар (одақтар) қауымдастықтың (одақтың) құрылтай шарты мен жарғысында көзделген өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

9. Қауымдастық (одақты) құру тәртібі құрылтай шартымен белгіленеді.

10. Қауымдастықты (одақты) құру туралы шешімді оның құрылтай жиналысы қабылдайды, ол қауымдастыққа (одаққа) кіру туралы арыздар негізінде оның мүшелерінің тізімі мен қауымдастықтың (одақтың) жарғысын бекітеді.

Құрылтай жиналысы қауымдастықтың (одақтың) органдарын:

- 1) қауымдастықтың (одақтың) атқарушы органын - басқармасын;
- 2) қауымдастықтың (одақтың) атқарушы органының төрағасын;
- 3) қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясын (ревизорын) сайлайды.

11. Қауымдастықтың (одақтың) жарғысында мыналар болуға тиіс:

- 1) қауымдастықтың (одақтың) атауы;
- 2) қауымдастықтың (одақтың) орналасқан жері;
- 3) қауымдастық /одақ/ қызметінің мәні мен мақсаты және оның өкілеттігі;
- 4) қауымдастыққа (одаққа) кіру тәртібі;
- 5) қауымдастықтан (одақтан) шығу немесе шығарылу тәртібі;
- 6) қауымдастықтың (одақтың) органдарын сайлау тәртібі, олардың құрамы мен құзыреті;
- 7) қауымдастықтың (одақтың) органдарының шешімдер, оның ішінде бірауыздан немесе білікті көпшілік дауыспен шешімдер, қабылдау тәртібі;
- 8) қауымдастық (одақ) мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 9) қауымдастықтың (одақтың) мүлкін қалыптастыру мен пайдалану тәртібі;
- 10) қауымдастықтың (одақтың) филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер;
- 11) қауымдастықты (одақты) қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі;
- 12) қауымдастық (одақ) таратылғаннан кейін қалған мүлікті бөлу тәртібі;
- 13) заңдарға қайшы келмейтін басқа да ережелер.

12. Қауымдастық (одақ) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген кезден бастап ол құрылды деп есептеледі.

13. Қауымдастық (одақ) пен оның мүшелері арасындағы өзара қатынастар жарғымен, құрылтай шартымен және келісімдермен белгіленеді.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

63-бап. Қауымдастықтың (одақтың) мүлкі

1. Қауымдастық (одақ) мүлкінің меншік иесі заңды тұлға ретінде сол қауымдастық (одақ) болып табылады.

2. Қауымдастықтың (одақтың) меншігінде қауымдастық (одақ) мүшелерінің жарналары есебінен құрылған мүлік пен қауымдастықтың (одақтың) және олар құрған кәсіпорындардың, филиалдар мен бөлімшелердің кәсіпкерлік қызметінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден алынған кірістер болады.

3. Қауымдастық (одақ) мынадай қорларды:

- 1) мүліктік;
- 2) селолық тұтыну кооперациясын дамыту;
- 3) резервтік;

4) қауымдастықтың (одақтың) жарғысына сәйкес өзге де қорларды құруы мүмкін.

4. Қауымдастықтың (одақтың) өз жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін шаруашылық серіктестіктері, медициналық, білім беру және өзге де мекемелері, филиалдары мен өкілдіктері болуы және оларды құруы мүмкін, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктері мен өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын жүзеге асыра алады.

5. Қауымдастық (одақ) құрған мекемелердің мүлкі оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

64-бап. Қауымдастықтың (одақтың) органдары

1. Қауымдастықты (одақты) басқаруды қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы және қауымдастықтың (одақтың) атқарушы органы жүзеге асырады.

2. Қауымдастықтың (одақтың) жоғары органы қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы болып табылады. Қауымдастыққа (одаққа) мүшелердің өкілдік нормасы қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы қабылдап, бекіткен қауымдастық (одақ) жарғысымен белгіленеді. Өкілдік нормасын ұлғайту туралы шешімді қауымдастықтың (одақтың) атқарушы органы қабылдап, оны кейіннен қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы бекітеді. Өкілдік нормаларын қауымдастықтың (одақтың) жарғысында аталған нормалардан кемітуге жол берілмейді.

3. Қауымдастықтың (одақтың) атқарушы органы қауымдастықтың (одақтың) басқармасы болып табылады.

4. Қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясы (ревизоры) қауымдастықтың (одақтың) бақылаушы органы болып табылады.

65-бап. Қауымдастық (одақ) мүшелерінің өкілдері

1. Қауымдастық (одақ) мүшелерінің өкілдері қауымдастық (одақ) мүшелерінің жалпы жиналысында сайланады және оларға қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналыстарында барлық мәселелерді шешу өкілеттігі беріледі.

2. Қауымдастық (одақ) жарғысында қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің дауыстарын, егер олар бір селолық тұтыну кооперативінен немесе қауымдастығынан (одағынан) сайланса, бір-біріне беруі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда қауымдастық (одақ) мүшесі өкілінің қанша сенімхаты болса, сонша даусы болады.

3. Қауымдастық (одақ) мүшесінің өкілі өкіл сайланған сол қауымдастық (одақ) мүшесі берген сенімхат болған жағдайда өкілдердің жалпы жиналысына қатысуға жіберіледі.

66-бап. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының өкілеттігі

1. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы қауымдастықтың (одақтың) қызметіне қатысты барлық мәселелерді шешуге өкілетті.

2. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің кезекті және кезектен тыс жалпы жиналыстары шақырылуы мүмкін. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналыстарын шақырудың мерзімі мен тәртібі қауымдастықтың (одақтың) жарғысымен белгіленеді.

3. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) қауымдастықтың (одақтың) жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) қауымдастықтың (одақтың) ішкі ережелерін, оларды қабылдау рәсімдерін және ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

3) қауымдастық (одақ) қызметінің негізгі бағыттарын белгілеу;

4) қауымдастық (одақ) басқармасының төрағасы мен мүшелерін, тексеру комиссиясының мүшелерін (ревизорды) сайлау және олардың өкілеттігін доғару, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау;

5) қауымдастықтың (одақтың) мүшелігіне қабылдау және одан шығару;

6) қауымдастық (одақ) мүшелері жарнасының мөлшерін белгілеу;

7) қауымдастықтың (одақтың) қызметі туралы жылдық есептерді бекіту;

8) қауымдастықтың (одақтың) мүлкін иеліктен алу;

9) қауымдастық (одақ) қорларын қалыптастыру мен пайдаланудың түрлерін, мөлшері мен талаптарын белгілеу;

10) қауымдастықты (одақты) қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдау;

11) қауымдастық (одақ) жарғысымен қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

4. Осы Заңмен және қауымдастық (одақ) жарғысымен қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қауымдастықтың (одақтың) басқа органдарының шешуіне беруге болмайды.

67-бап. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының шешім қабылдау тәртібі

1. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы, егер оған қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып табылады. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының шешімі, егер оған кемінде жалпы жиналысқа қатысушы қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жартысы жақтап дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі.

2. Қауымдастық (одақ) мүшесі өкілінің қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы шешімдер қабылдаған кезде бір даусы болады.

3. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының шешіміне қауымдастық (одақ) мүшелері сот тәртібімен шағым беруі мүмкін.

68-бап. Қауымдастық (одақ) басқармасы

1. Қауымдастық (одақ) басқармасы қауымдастықтың (одақтың) атқарушы басқару органы болып табылады және қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысына есеп береді. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өкілеттікті қоспағанда, басқарма осы Заңмен және қауымдастық (одақ) жарғысымен белгіленген өкілеттікті жүзеге асырады.

2. Қауымдастық (одақ) басқармасының құзыретіне:

- 1) қауымдастықтың (одақтың) жалпы қызметіне басшылық жасау;
- 2) мемлекеттік және өзге де органдарда, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда қауымдастықтың (одақтың) өкілдігін жүзеге асыру;
- 3) қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналыстарын әзірлеу және өткізу;
- 4) қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысына өкілдердің жалпы жиналыстары арасындағы кезеңдегі қауымдастық (одақ) жұмысы туралы есепті табыс ету;

5) қауымдастық (одақ) басқармасы төрағасының орынбасарларын, сондай-ақ мекемелер мен басқа да құрылымдық бөлімшелердің басшыларын тағайындау және қызметтен босату;

6) қауымдастықтың (одақтың) еңбек, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

7) шаруашылық серіктестіктерін, мекемелерді, оқшауланған құрылымдық бөлімшелерді, соның ішінде филиалдарды құру туралы, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктерге немесе басқа да заңды тұлғаларға қатысу туралы шешімдер қабылдау;

8) бюджетті және қауымдастықтың (одақтың) қорлары туралы ережелерді қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының бекітуіне табыс ету;

9) шарттар жасасуға сенімхаттар беру;

10) қауымдастықтың (одақтың) жарғысында белгіленген өзге де өкілеттік жатады.

3. Қауымдастық (одақ) басқармасының отырысы қауымдастықтың (одақтың) жарғысында көзделген мерзімдерде, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Егер қауымдастық (одақ) басқармасының отырысына оның мүшелерінің кемінде жартысы, оның ішінде қауымдастық (одақ) басқармасының төрағасы немесе оның орынбасары қатысса, қауымдастықтың (одақтың) басқармасы мәселелерді шешуге өкілетті.

4. Қауымдастық (одақ) басқармасының төрағасы мен мүшелері қауымдастық (одақ) жарғысында белгіленген мерзімге сайланады.

Қауымдастық (одақ) басқармасының төрағасы мен мүшелері қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының шешімі бойынша міндеттерді (өкілеттікті) орындаудан кез келген уақытта босатылуы мүмкін. Қауымдастық (одақ) басқармасының мерзімінен бұрын сайланған төрағасы немесе мүшесі қауымдастық (одақ) басқармасының алдыңғы төрағасының немесе мүшесінің өкілеттігі мерзіміне сайланады.

5. Қауымдастықтың (одақтың) жарғысында қауымдастық (одақ) басқармасы төрағасының және оның орынбасарларының шешімдерді қабылдау тәртібі мен оларды ресімдеу тәртібі белгіленеді, сондай-ақ шешім жеке-дара қабылдануы мүмкін мәселелер айқындалады.

6. Қауымдастық (одақ) басқармасының төрағасы, оның орынбасарлары мен басқарманың басқа да мүшелері өздері қабылдаған шешімдері қауымдастықтың (одақтың) жарғысына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

7. Қауымдастық (одақ) басқармасының мүшелері қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясының мүшелері (ревизоры) бола алмайды.

69-бап. Қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясы (ревизоры)

1. Қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясы (ревизоры) қауымдастықтың (одақтың) қаржы-шаруашылық қызметін бақылайды және қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысына есеп береді. Қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясының мүшелері (ревизоры) болып жалпы жиналыста олардың өкілдері арасынан қауымдастықтың (одақтың) мүшелері ғана сайлана алады.

2. Қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясы өз құрамынан ашық дауыс беру арқылы қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясының төрағасын сайлайды.

3. Қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясы (ревизоры) өз қызметінде осы Заңды, қауымдастықтың (одақтың) жарғысын, қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы бекіткен қауымдастықтың (одақтың) тексеру комиссиясы (ревизоры) туралы ережені басшылыққа алады.

70-бап. Қауымдастықты (одақты) қайта ұйымдастыру және тарату

1. Қауымдастықты (одақты) қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының шешімі және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.

2. Қауымдастықты (одақты) қайта құру қауымдастық (одақ) мүшелерінің барлық өкілдерінің бірауызды шешімі бойынша жүргізіледі.

3. Қауымдастықты (одақты) тарату қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдері жалпы жиналысының шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.

4. Қауымдастық (одақ) мүшелері өкілдерінің жалпы жиналысы немесе қауымдастықты (одақты) тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын (таратушыны) тағайындайды және қауымдастықты (одақты) таратудың тәртібі мен мерзімін белгілейді.

5. Қауымдастықты (одақты) тарату кезінде оның кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі қауымдастық (одақ) мүшелерінің арасында құрылтай шартында белгіленіп, енгізілген мүшелік жарналарына бара-бар бөлінеді.

71-бап. Қазақстан Республикасы селолық тұтыну кооперациясы жүйесінің орталық органы

1. Селолық тұтыну кооперативтерінің қауымдастықтары (одақтары) қауымдастыққа (одаққа) - Орталық органға ерікті түрде біріге алады.

2. Қазақстан Республикасы селолық тұтыну кооперациясы жүйесінің Орталық органы құрылтай шартына және жарғыға сәйкес:

1) селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға;

2) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ халықаралық кооперативтік қозғалыста селолық тұтыну кооперативтерінің және олардың қауымдастықтарының (одақтарының) мүдделерін білдіруге;

3) кооперативтік демократияны дамытуға және өзінің құрамына кіретін мүшелері арасындағы іскерлік қатынастар қолдап отыруға;

4) селолық тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының), сондай-ақ пайшылардың құқықтары мен мүлкін (меншігін) қорғауды қамтамасыз етуге, оларға заңдық, әдістемелік және өзге де практикалық көмек көрсетуге;

5) халықаралық кооперативтік қозғалыста сыртқы экономикалық және өзге де байланыстарды жүзеге асыруға, инвестициялар тартуға жәрдемдесуге;

6) селолық тұтыну кооперациясы жүйесін дамытудың экономикалық бағдарламаларын әзірлеуге, қызметтің аса маңызды бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға;

7) рыноктық инфрақұрылымды қалыптастыру, ақпараттық және білім беру қызметін көрсетуді дамыту ісіне қатысуға;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттер мен өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

3. Селолық тұтыну кооперациясы жүйесінің Орталық органын құру және оның қызметі осы Заңның 7-тарауымен реттеледі.

4. Қазақстан Республикасы селолық тұтыну кооперациясының Орталық органы қауымдастық (одақ) нысанында Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-тарау. Өтпелі кезең ережелері

72-бап. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін құрылған тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) қызметі

1. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін құрылған тұтыну кооперациясы жүйесінің тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтары (одақтары) осы

Заң күшіне енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

2. Тұтыну кооперативтері мен олардың қауымдастықтары (одақтары) құрылтай құжаттарын осы Заңға сәйкес келтіргенге дейін қолданылып жүрген құрылтай құжаттарының ережелерін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және осы Заңға қайшы келмейтін бөліктерінде басшылыққа алып отырады.

3. Тұтыну кооперациясы жүйесінің жұмыс істеп тұрған қауымдастықтарының (одақтарының) жарғыларындағы өзгерістерді мемлекеттік тіркеу кезінде құрылтай шарттарын табыс ету талап етілмейді.

**73-бап. Тұтыну кооперациясы жүйесінің тұтыну
кооперативтері пайшыларының мүліктік құқықтары**

Тұтыну кооперациясы жүйесінің тұтыну кооперативтері пайшыларының осы Заң күшіне енгізілгенге дейін пайда болған мүліктік құқықтары сақталады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті